

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ С.МӘУЛЕНОВ
АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное учреждение
«ГИМНАЗИЯ ИМЕНИ С.МАУЛЕНОВА
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА КОСТАНАЯ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

2024 жылғы 29 тамыз
Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

№ 205
город Костанай

Білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру туралы

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес, гимназияда 2024-2025 оқу жылында тамақтануды ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Гимназия асханасы жұмысы және білім алушылардың тамақтануы ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылсын.

2. Жауапты кезекші педагогтерді тағайындай отырып, сабақ кестесіне сәйкес білім алушылардың тамақтану кестесі бекітілсін. (1 қосымша)

3. Санитариялық ережелерге сәйкес гимназияда ауыз су режимінің сақталуы қатаң бақылауға алынсын.

4. Гимназияда тамақтануды мониторингтеу мақсатында ата-аналар қауымдастығын тарта отырып, бракераж комиссиясы құрылсын.

5. «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» ҚР БжҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 желтоқсанда № 17948 болып тіркелді) сәйкес гимназияның ақпараттық сайтында ыстық тамақты ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты (ас мәзірі, фото тағамдары, бракераж комиссиясы жұмысының хаттамалары) уақытылы орналастыруға директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының м.а. Н.Қарағұловаға, әлеуметтік педагог А.Бекбаеваға жауапкершілік жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор: 

А.Мадиев

Бұйрықпен таныстырылды:

«29» тамыз 2024ж.

І.Н.Қарағұлова

2.А.Бекбаева

